

Орал қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 қарашадағы № 30-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 желтоқсанда № 3720 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2021 жылғы 6 сәуірдегі № 4-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 06.04.2021 № 4-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңдарына сәйкес Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Орал қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы қағидасы 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. 2-қосымшаға сәйкес Орал қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Орал қалалық мәслихаты аппаратының басшысы (Р. Сергалина) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*А. Ермекқалиев
А. Әубекеров*

Орал қалалық мәслихатының
2014 жылғы 25 қарашадағы № 30-5
шешіміне
1-қосымша

Орал қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау қағидасы

"Орал қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы осы қағидасы (одан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылы 30 желтоқсандағы №2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 12 мамырда № 11015 болып тіркелген) (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес әзірленді және Орал қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 20.04.2016 № 3-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1.Жалпы ережелер

1. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) шекті жол берілетін шығыстар үлесі - телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматының) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы;

2) отбасының (азаматтың) жиынтық табысы-тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы (азамат) кірістерінің
ж а л п ы с о м а с ы ;

3) кондоминиум объектісін басқару органы - кондоминиум объектісін басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

4) уәкілетті орган – тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын " Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (б ұ д а н ә р і - у ә к і л е т т і о р г а н) ;

5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар - кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге жұмсалатын шығыстарға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға,

тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы, сондай-ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар;

б) аз қамтылған отбасылар (азаматтар) - Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға ;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге беріледі;

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

3. Тұрғын үй көмегін коммуналдық қызметтің есептеу құралы бар алушыларға есептеу кезінде жоғарыда белгіленген тарифтер пен нормативтерден аспайтын санауыш көрсеткіштері бойынша нақты шығындар қолданылады.

4. Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, жеткізушілер

ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

5. Телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысымен бекітілген, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу Ережесіне сәйкес орындалады және қолданыстағы абоненттік ақы мен 2004 жылғы қыркүйекте қолданылған абоненттік ақы арасындағы айырма, яғни, телекоммуникация қызметтеріне абоненттік ақыны өсірудің айырмасын есептеу арқылы анықталады.

6. Коммуналдық қызметтерді тұтыну ақысы сомасының құрамына мыналар енеді: пайдалану шығындары, су, канализациямен қамтамасыз ету, газ, электр, жылумен қамтамасыз ету, қоқыс шығару, лифт пайдалану және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақыны ұлғайту бөлігіндегі байланыс қызметі.

7. Тұрғын үйді күтіп ұстау, коммуналдық қызметті пайдалану және жалға берілетін үйлерде тұрғын жайды пайдалану шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының жиынтық табысынан 10%, ал жалғызбасты және ерлі-зайыпты жұптар үшін: зейнеткерлер, мүгедектер үшін ауыру себебіне қарамастан және оларды күтетін азаматтарға, тұл жетім балалар, ата-анасыз қалған балалармен бірге тұратын қамқоршылар, күндіз оқу нысанындағы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жүйеде, жоғары білім беру жүйесінде оқу орнын бітіргенге дейін, бірақ жиырма үш жастан аспайтын шекте, кәмелетке толмаған балалармен бірге тұратын немесе үш жасқа толмаған баланы тәрбиелеп отырған баласымен бірге тұратын зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы, жасы жиырма үш жастан аспайтын күндіз оқу нысанындағы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жүйеде, жоғары білім беру жүйесінде оқитын тұлғалармен бірге тұратын зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы, жасы 50-ден асқан жұмыссыз әйелдер, жасы 55-тен асқан жұмыссыз ерлер үшін 7% көлемінде белгіленеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 03.12.2015 № 39-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

8. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге жұмсалатын шығыстарға арналған жарналарға шекті жол берілетін шығыстар үлесі осы Қағиданың 7-тармағына сәйкес келеді.

2. Тұрғын үй көмегін отбасыларға (азаматтарға) тағайындау тәртібі

9. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

- 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);
- 2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Стандартқа сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету нысаны және нәтижесі, сонымен қатар тұрғын үй көмегін тағайындау үшін құжаттар қабылданады.

Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган аяқындайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 20.04.2016 № 3-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

10. Тұрғын жайда бірнеше меншік иелері (немесе азаматтар) тіркелген жағдайда, тұрғын үй көмегі бір меншік иесінің атына тағайындалады, сонымен қатар отбасы құрамындағы басқа меншік иелері де (немесе азаматтар) есепке алынады. Егер құжаттардың тізімі толық болмаса, тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 20.04.2016 № 3-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

11. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешімді не қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган қабылдайды. Тағайындау туралы хабарлама не тағайындаудан бас тарту туралы дәлелді жауап Мемлекеттік корпорацияға немесе электрондық құжат ретінде "жеке кабинетке" жіберіледі. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап сегіз жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 30.05.2018 № 22-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Азаматтардың келесі санаттары үшін өтемақы шараларымен коммуналдық қызметтерді тұтынуға және телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне қамтамасыз етілетін тұрғын жай алаңының нормалары, пайдаланып отырған тұрғын жайдың бір бірлігінің нақты

аумағына, бірақ 64 шаршы метрден аспайтын болып: зейнеткерлер, жалпы ауру бойынша мүгедектер және оларды күтетін азаматтар, тұл жетім балалар, ата-анасыз қалған балалармен бірге тұратын қамқоршылар күндіз оқу нысанындағы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жүйеде, жоғары білім беру жүйесінде оқу орнын бітіргенге дейін, бірақ жиырма үш жастан аспайтын шекте, кәмелетке толмаған балалармен бірге тұратын немесе үш жасқа толмаған баланы тәрбиелеп отырған баласымен бірге тұратын зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы, жасы жиырма үш жастан аспайтын күндіз оқу нысанындағы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жүйеде, жоғары білім беру жүйесінде оқитын тұлғалармен бірге тұратын зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы, ал басқа санаттағы азаматтар үшін тұрғын үй заңнамасымен белгіленген тұрғын жай алаңының нормасы шегінде белгіленеді.

Өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын жай алаңының нормалары, күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, жалға алған тұрғын үйді (тұрғын ғимарат) пайдаланғаны үшін жалға алу ақысы тұрғын жайдың бір бірлігінің нақты аумағына, бірақ 50 шаршы метрден аспайтын болып белгіленеді.

12-1. Электр қуатын төлеу бойынша шығындарды өтеу бір адамға 100 киловатт, электр плитасы, электр су жылытқыштары бар жатақханалар мен үйлерде бір адамға 130 киловатт есебінен, бірақ нақты шығындардан асырмай жүргізіледі.

Ескерту. Қағида 12-1 тармақпен толықтырылды Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 20.04.2016 № 3-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

13. Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсан сайын жүгінуге құқылы.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 30.05.2018 № 22-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Отбасының (азаматтың) тұрғын жай ұстау және коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған шекті жол берілетін шығыстар үлесі, отбасының табысы, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық қызметтің тарифтері мен ставкалары өзгерген жағдайда алдыңғы тағайындауда уақытылы ескерілмеген табыстарды уәкілетті орган бұрын тағайындалған көмекті қайта есептейді. Тұрғын үй көмегін тағайындағанға дейінгі төленбеген коммуналдық қызметтер бойынша берешектер есепке алынбайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық

мәслихатының 03.12.2015 № 39-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Отбасының (азаматтың) тұрғын жай ұстау және коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған шекті жол берілетін шығыстар үлесі, отбасының табысы, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық қызметтің тарифтері мен ставкалары өзгерген жағдайда алдыңғы тағайындауда уақытылы ескерілмеген табыстарды уәкілетті орган бұрын тағайындалған көмекті қайта есептейді.

15. Тұрғын үй көмегін алушылар кез келген өзгерістер жөнінде 10 күн мерзім ішінде (отбасы құрамы, бюджеті, жылжымайтын мүлік алуы және тағы басқа), сондай-ақ көмекті қате есептеу жайттары жөнінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті. Уәкілетті органға қасақана қате мәліметтер бергендігі салдарынан заңсыз немесе көтермеленген өтемақы тағайындалса, меншік иесі (жалдаушы) заңсыз түрде алынған тұрғын үй көмегі түріндегі сомаларды ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда - сот тәртібімен қайтарады. Келесі мерзімге арналған тұрғын үй көмегі заңсыз алынған тұрғын үй көмегі бюджетке қайтарылған соң тағайындалады.

16. Уәкілетті органның қызметкері арыз иесінің тұрғылықты жеріне баруға құқылы.

17. 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған, күтімге мұқтаж мүгедектерді күтетін тұлғаларды, сонымен қатар емдеу мекемелерінде есепте тұрған психикалық және өкпе аурулармен ауыратындар қоспағанда, жеке меншігінде бір тұрғын жай бірлігінен артық тұрғын жайы немесе тұрғын жайын жалға немесе жартылай жалға берген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі тағайындалмайды, әскери қызмет атқармайтын және жұмыспен қамту қызметінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген отбасы мүшелері бар отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі берілмейді.

Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде отбасының бір мүшесі қайтыс болған жағдайда, қайтқан адамның табысы туралы құжаттар талап етілмейді.

Жұмыссыз ретінде белгіленген тәртіппен тіркелген азаматтарға тұрғын үй көмегі жұмыссыз мәртебесі берілген айдан бастап тағайындалады.

Өтініш берушінің өтінішіндегі тіркелген адам саны сәйкес келмесе, тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

Отбасының жиынтық табысы жоқ болған жағдайда тұрғын үй көмегі отбасының жұмысқа жарамды әр мүшесіне күнкөріс табысының төменгі деңгейімен есептеледі.

Ескерту. 17 тармаққа өзгерістер енгізілді Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 20.04.2016 № 3-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Тұрғын үй көмегін төлеу

18. Тұрғын үй көмегін көмек ұсынуға шығыстарды атқарушы органдардың қаржыландыру бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 30.05.2018 № 22-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19. Егер тұрғын үй көмегі төленбеген жағдайда, тұрғын үйді (жеке тұрғын үйді күтіп ұстаудан басқа) күтіп ұстауға және өткен кезеңде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға жұмсалатын шығыстарға, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысыны, коммуналдық қызметтерді пайдалану ақысына тағайындалған соманы растайтын құжат (түбіртек) ұсынылмаса, келесі кезеңде отбасыға (азаматқа) жоғарыда көрсетілген көмек берілмейді.

Тағайындалған тұрғын үй көмегі жартыжылдыққа төленеді.

20. Тұрғын үй көмегінің мөлшері тұрғын жай ұстау және коммуналдық қызметтерді пайдалану үшін, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысы белгіленген нормаларға сәйкес нақты есептелген сомадан аспауы қажет.

21. Тұрғын үй көмегін тағайындау барысында туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер заңда белгіленген тәртіппен шешіледі.

Орал қалалық мәслихатының
2014 жылғы 25 қарашадағы
№ 30-5 шешіміне
2-қосымша

Орал қалалық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Орал қалалық мәслихатының 2010 жылғы 12 наурыздағы № 27-12 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы Қағиданы бекіту туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-183 тіркелген, 2010 жылғы 29 сәуірдегі "Жайық үні" газетінде № 17 және 2010 жылғы 29 сәуірдегі "Пульс города" газетінде № 17 жарияланған);

2. Орал қалалық мәслихатының 2010 жылғы 13 шілдедегі № 30-9 "Орал қалалық мәслихатының" 2010 жылғы 12 наурыздағы № 27-12 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы Қағиданы бекіту туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-189 тіркелген, 2010 жылғы 4 тамыздағы "Жайық үні" газетінде № 31, 2010 жылғы 5 тамыздағы "Пульс города" газетінде № 31, 2010 жылғы 12 тамыздағы "Жайық үні" газетінде № 32 және 2010 жылғы

12 тамыздағы "Пульс города" газетінде № 32 жарияланған);

3. Орал қалалық мәслихатының 2008 жылғы 2 маусымдағы № 39-13 "Орал қалалық мәслихатының " 2010 жылғы 12 наурыздағы № 27-12 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы Қағиданы бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-210 тіркелген, 2011 жылғы 4 тамыздағы " Жайық үні" газетінде № 31 және 2011 жылғы 5 тамыздағы "Пульс города" газетінде № 31 жарияланған);

4. Орал қалалық мәслихатының 2011 жылғы 7 қыркүйектегі № 40-10 "Орал қалалық мәслихатының "2010 жылғы 12 наурыздағы № 27-12 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы Қағиданы бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-212 тіркелген, 2011 жылғы 13 қазандағы "Жайық үні" газетінде № 41 және 2011 жылғы 14 қазандағы "Пульс города" газетінде № 41 жарияланған);

5. Орал қалалық мәслихатының 2012 жылғы 23 сәуірдегі № 4-15 "Орал қалалық мәслихатының "2010 жылғы 12 наурыздағы № 27-12 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы Қағиданы бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-234 тіркелген, 2012 жылғы 1 маусымдағы "Жайық үні - Жизнь города" газетінде № 22 жарияланған);

6. Орал қалалық мәслихатының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 9-5 "Орал қалалық мәслихатының " 2010 жылғы 12 наурыздағы № 27-12 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы Қағиданы бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3155 тіркелген, 2013 жылғы 31 қаңтардағы "Жайық үні - Жизнь города" газетінде № 5 жарияланған);

7. Орал қалалық мәслихатының 2013 жылғы 21 қазандағы № 17-9 "Орал қалалық мәслихатының "2010 жылғы 12 наурыздағы № 27-12 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы Қағиданы бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3354 тіркелген, 2013 жылғы 7 қарашадағы "Жайық үні - Жизнь города" газетінде № 45 жарияланған);

8. Орал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 ақпандағы № 20-4 "Орал

қалалық мәслихатының "2010 жылғы 12 наурыздағы № 27-12 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы Қағиданы бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3445 тіркелген, 2014 жылғы 10 сәуірдегі "Жайық үні - Жизнь города" газетінде № 14 жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК